

Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру процестерін жеделдету жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 25 сәуірдегі N 662. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Төлем қабілеті жоқ (дәрменсіз) кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру, оңалту, тарату мәселелерінде бірыңғай саясат жүргізу және мемлекет мүддесін қамтамасыз ету, аталған жұмыстарды жандандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті белгіленген тәртіппен:

"Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттік" акционерлік қоғамын құрсын;

құрылатын акционерлік қоғам активтерінің тізбесі мен құрылымын белгілесін, оның ішінде жарғылық қорға мемлекеттің жарнасы ретінде Қазақстан Республикасының таратылған Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру агенттігінің балансындағы мүлік пен негізгі қаражатты, мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі аумақтық комитеттер мүлкі мен негізгі қаражатының бір бөлігін берсін;

бір ай мерзім ішінде аталған акционерлік қоғамның Жарғысын бекітсін және оны тіркесін;

акционерлік қоғамды Алматы қаласы, С.Мәуленов көшесі, 92-үйде орналасқан қызметтік үй-жаймен қамтамасыз етсін.

2. "Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттік" акционерлік қоғамы банкроттық туралы заңдардың шеңберінде дәрменсіздік пен банкроттың алдын алуды, оңалту рәсімдерін, дәрменсіз мемлекеттік кәсіпорындарды, сондай-ақ жарғылық қорында мемлекет үлесі бар шаруашылық серіктестіктерін санациялауды, таратуды және қайта ұйымдастыруды жүзеге асыру мәселелерінде мемлекеттің мүддесін білдіреді деп белгіленсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С.Павловқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК